Мамадиярова Назира Батырханқызының
6D021300 – Лингвистика мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу
үшін «Қазақ тіліндегі менталды етістіктер:
когнитивті – семантикалық аспект» тақырыбындағы
диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу жұмысының тақырыбы: Қазақ тіліндегі ментальды етістіктер: когнитивті-семантикалық аспект.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ тіліндегі менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісін кешенді түрде талдау, олардың өзегі мен шеткергі мүшелерін, когнитивтік механизмдері мен тілдік-мәдени ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

– қазақ тіліндегі менталды етістіктердің семантикалық топтарын анықтау;

– менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісінің құрылымын сипаттау;

– менталды етістіктердің когнитивтік негіздерін, менталды өрістің бастапқы когнитивтік платформасын, менталды семантиканың кеңею механизмдерін ашу;

– менталды етістіктердің фразеологиялық жүйедегі когнитивтік модельдерін айқындау;

– ұлттық мәдени-менталды ерекшеліктерді айқындайтын менталды етістіктердің концептуалдық өрісін сипаттау.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында семантикалық талдау (менталды етістіктердің лексикалық мағыналарын анықтау), когнитивтік талдау (концепт құрылымдарын, фреймдер мен менталды модельдерді айқындау), функционалдық-семантикалық әдіс (өріс құрылымын, орталық және шеткі мүшелерін анықтау), компоненттік талдау (семантикалық дифференциалдарды айқындау), баяндау, жіктеу, жүйелеу, қорыту әдістері қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми тұжырымдар):

1. Қазақ тіліндегі менталды етістіктер – субъектінің ішкі когнитивтік әрекеттерін (қабылдау, тану, түсіну, ойлау, пайымдау, еске сақтау, шешім қабылдау) вербалдайтын негізгі тілдік бірліктер. Менталды етістіктер адам санасындағы интеллектуалдық үдерістерді бейнелеп, менталдылықтың тілдегі көрінісін сипаттайды.

2. Менталды етістіктердің семантикалық құрылымы көпқабатты когнитивтік механизмдерге негізделген. Менталды етістіктердің мағынасы перцептивтік, танымдық, интерпретативтік, бағалауыштық, эмоциялық т.б. семалардың әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасады.

3. Менталды етістіктер қазақ тілінің функционалды-семантикалық

жүйесінде дербес өріс құрайды. Қазақ тілінде менталды етістіктер менталды өрістің орталық өзегін құрайды.

4. Менталды етістіктердің семантикасы контекст, дискурс деңгейінде кеңейіп, күрделенеді. Менталды етістіктер контексте метафораланады, семантикалық реңктер үстейді, прагматикалық мәнге ие болады, авторлық бағалау мен эмоцияны білдіреді.

5. Менталды семантика жекелеген лексемалармен ғана емес, фразеологиялық бірліктер, синтаксистік модель, когнитивтік құрылымдармен бірге тұтас жүйе ретінде ұйымдасады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

Зерттеудің негізгі нәтижелері менталды етістіктердің қазақ тіліндегі орны мен қызметін жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік берді. Қазақ тіліндегі менталды етістіктер адамның ішкі танымдық әрекеттерін тілде таңбалайтын жетекші етістік бірліктер ретінде сипатталып, олардың саналық үдерістерді (қабылдау, түсіну, ой қорыту, жад, шешім қабылдау т.б.) вербалдаудағы рөлі дәлелденді.

Екіншіден, менталды етістіктердің мағыналық табиғаты көпқабатты құрылым ретінде талданып, мағына түзілуі қабылдау тәжірибесі, танымдық өңдеу, интерпретация, бағалау мен эмоциялық реңк тәрізді семантикалық компоненттердің өзара ықпалдасуы арқылы жүзеге асатыны көрсетілді.

Үшіншіден, бұл етістіктердің қазақ тілінің функционалды-семантикалық жүйесінде өзіндік ұйымдасуы бар дербес өріс құрайтыны негізделіп, өрістің ішкі жіктелісі мен қызметтік сипаттары белгіленді.

Төртіншіден, менталды етістіктердің менталдық мазмұнды білдіретін жалпы өрістегі орны нақтыланып, олар когнитивтік үдерістерді тікелей бейнелейтін бірліктер ретінде аталған өрістің орталық бөлігіне жататыны тұжырымдалды.

Бесіншіден, менталды етістіктердің мағынасы тек лексикалық деңгеймен шектелмей, мәтіндік және дискурстық қолданыста кеңейетіні айқындалды: контекст әсерімен олардың семантикасы құбылып, ауыспалы қолданысқа көшеді, прагматикалық реңк жинақтайды, сондай-ақ авторлық бағалау мен эмоциялық қатынасты жеткізудің тиімді құралына айналады.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

Зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі менталды етістіктер мәселесін жаңа ғылыми деңгейге көтеруімен құнды.

1. Менталды әрекетті білдіретін етістіктер жүйесі бұрынғыдай жеке-жеке мағыналық топ ретінде ғана емес, адам факторы мен таным үдерісін өзек еткен тұтастай тілдік құбылыс ретінде қарастырылды. Бұл тәсіл қазақ тіліндегі «ойлау-қабылдау-түсіну-бағалау» тәрізді ішкі психикалық процестердің тілдегі берілуін бір арнаға түсіріп, зерттеу нысанын кеңейтіп, теориялық пайымдауды тереңдетеді.

2. Менталды етістіктердің мағыналық ұйымдасуы өрістік қағида бойынша дәлелденіп, олардың орталық аймағы мен шеткері қабаттарының қызметтік айырмасы анықталды. Мұндай құрылымдық жіктеу қазақ тіліндегі

етістік семантикасын жүйелеуге, семантикалық шекараларды нақтылауға және менталды лексиканың ішкі иерархиясын айқындауға мүмкіндік береді.

3. Менталды етістіктердің мағына құрау тәсілдері танымдық модельдер арқылы
сипатталып, әсіресе қабылдау тәжірибесінен туындайтын мағыналық ауысулардың уәжді жолдары көрсетілді. Бұл нәтиже мағынаның қалай қалыптасатынын және қалай өзгеретінін тілдік дерекпен түсіндіретіндіктен, когнитивтік семантиканың қазақ тілі материалындағы эмпирикалық базасын күшейтеді.

4. Менталды етістіктердің ұлттық танымменсабақтастығы дәлелденіп, олардың концептуалдық жүйедегі орны мәдени мазмұнмен байланыстыра талданды. Осы арқылы зерттеу тілдік бірліктердің артындағы дүниетанымдық бағдарды, мәдени кодтарды тануға жол ашады және этнолингвистикалық, лингвомәдени сипаттауларды нақты деректермен толықтырады.

5. Менталды етістіктердің ауыспалы-мағыналық әлеуеті метафоралану, тұрақты тіркес құрамында жұмсалу, дискурстағы қызметі және бағалау реңкін жеткізу мүмкіндіктері тұрғысынан жүйеленді. Бұл жаңалық менталды етістіктердің тек сөздік деңгейде емес, мәтін мен дискурс кеңістігінде де пәрменді құрал екенін көрсетіп, олардың прагматикалық мүмкіндігін айқындайды.

Ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеу жұмысының тақырыбы – Қазақстанда білім беру мен ғылымды жаңғыртуға, сондай-ақ тіл саясатын ғылыми негізде дамытуға бағытталған мемлекеттік құжаттармен және ғылымды дамытудың басым бағыттарымен тікелей үйлеседі. Біріншіден, диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған ғылыми әлеуетті күшейту, зерттеулердің сапасын арттыру, ұлттық ғылыми мектептерді қолдау және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың қолданбалы нәтижелілігін көтеру міндеттерімен сабақтас. Ментальды етістіктердің мағыналық табиғатын когнитивті-семантикалық тұрғыда талдау - тіл біліміндегі іргелі мәселелерді нақты дерекпен тереңдетіп, қазақ тілінің ғылыми сипаттамасын жаңғыртуға, зерттеу нәтижелерін білім беру мазмұнына енгізуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, зерттеу жұмысы ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің «Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» көзделген ұлттық тілдің функционалдық әлеуетін кеңейту, ғылыми-лингвистикалық негізді күшейту, тілдік нормаларды жүйелеу және қазақ тілін заманауи ғылыми талаптар деңгейінде сипаттайтын зерттеулерді қолдау қағидаттарына сәйкес келеді. Ментальды етістіктер - адамның ойлау, тану, қабылдау, жад, пайым, бағалау сияқты когнитивтік үдерістерін тілдік жүйеде бейнелейтін өзек категориялардың бірі. Сондықтан оларды когнитивті-семантикалық тұрғыдан жүйелеу қазақ тілінің мағыналық құрылымын, тілдік

сананың көріністерін, ұлттық таным ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда дәлелдеуге және тілдік деректерді сапалы сипаттауға қызмет етеді.

Үшіншіден, диссертация Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарының, соның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағытының мазмұнымен үйлеседі. Зерттеудің нысаны адам санасы мен таным әрекетінің тілдегі көрінісін сипаттайтындықтан, ол зияткерлік әлеуетті арттырудың гуманитарлық негізін күшейтеді. Когнитивтік білімді ұлттық тіл материалымен нақтылау, ғылыми ұғымдарды қазақ тілінің деректерімен дәлелдеу, тілдік ойлау жүйесінің құрылымын ашу арқылы отандық тілтанымның теориялық қорын байытады. Сонымен бірге алынған нәтижелер қазақ тілін оқыту әдістемесінде, лексика-семантикалық сипаттамаларда, ғылыми терминологиялық жүйелеуде және тілдік ресурстарды жетілдіруде қолдануға болатын ғылыми негіз қалыптастырады.

Докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау (диссертация авторының үлесі жалпы мәтіннен пайызбен көрсетіледі):

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары 6 мақалада жарияланды, оның ішінде:

Scopus базасындағы 1 квартильге жататын импакт-факторы жоғары журналда -1 мақала:

1. Frame analysis of the semantics of mental verbs of the Kazakh language https://doi.org/10.1075/aila.24008.mam AILA Review (Netherlands) ISSN 1461-0213. Процентилі – 73. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі, 70%, қосалқы авторлар: Kassym B., Yessenova K., Abisheva N., 30%).

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енетін журналдарда 3 мақала жарияланды:

1. Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің семантикалық сипаты // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. №2 (68), 2019. Алматы. 111-117 б. ISSN – 1728-7804. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі, 80%, қосалқы автор: Қасым Б.Қ., 20%);

2. Қазақ тіліндегі ментальді лексиканың фреймдік құрылымы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. №4 (70), 2019. Алматы. 122-130 б. ISSN – 1728-7804. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі, 80%, қосалқы автор: Қасым Б.Қ., 20%);

3. Интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктердің мағынасы //Ясауи университетінің хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. №4 (138), 2025. Түркістан. 29-43 б. ISSN-p 2306-7365, ISSN-e 2664-06-86 https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.271 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі, 80%, қосалқы авторлар: Қасым Б.Қ., Талдыбаева М., 20%).

Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 2 мақала жарияланды:

1. Түркі тілдеріндегі етістіктердің семантикалық жіктелімі туралы // XI Құрышжанов оқулары: Ұлы Дала құндылықтары – Түркі әлемі жастарын біріктіруші фактор атты халықаралық ғылыми – практикалық конференция. Алматы. 2019 30-33б. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі, 80%, қосалқы автор: Қасым Б.Қ., 20%);

2. Түбір етістіктердің құрылымдық - мағыналық ерекшеліктері // ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың 95 жылдық мерейтойына арналған «Рәбиға Сыздық феномені: қазақ тіл білімінің бүгіні мен болашағы» атты халықаралық ғылыми – теориялық конференция. Алматы, 2019 ж, 129-133 б. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі, 100%).

Жұмыс құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, екі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.